

## Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоныролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 781 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 27 қазанда № 3503 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 09 желтоқсандағы № 916 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов ауданы әкімдігінің 09.12.2015 № 916 қаулысымен.**

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Панфилов аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоныролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Қоныролен ауылдық округінің әкімі Дарабаев Ерлан Кенжакметовичке осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурсында және аудандық әкімдіктің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Садыков Аскар Джумахановичке жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Абдулдаев*

Панфилов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 қыркүйектегі Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоныролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 781 қаулысымен бекітілген қосымша

# **Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Панфилов ауданы Қоңыролен ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Панфилов ауданы Қоңыролен ауылдық округі әкімінің өкімдері мен шешімдері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 041317, Қазақстан Республикасы,

Алматы облысы, Панфилов ауданы, Қоңырөлең ауылы, Қожбанбет би көшесі, № 40.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Панфилов ауданы Қоңырөлең ауылдық округі аумағында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

14. Міндеттері: Панфилов ауданы Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

15. Функциялары:

- 1) өз құзыреті шегінде жер қатынастарын реттеуді жүзеге асыру;
- 2) шаруа немесе фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдесу;
- 3) тарихи және мәдени мұраны сактау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

4) табысы аз адамдарды анықтау, жоғары тұрған органдарға еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде ұсыныс енгізу, жалғызлікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

5) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету және өзге де әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету;

6) қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру;

7) жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдесу;

8) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

9) шаруашылықтар бойынша есепке алуды жүзеге асыру;

10) кәсіпқой емес медиаторлардың тізілімін жүргізу;

11) елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты заңнамада белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

2) оперативті басқару құқығына қарасты мүліктерді пайдалануды жүзеге асыру;

3) азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

17. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшылықты Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын әкім жүзеге асырады.

18. Панфилов ауданы Қоңыролен ауылдық округінің әкімін Панфилов ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

19. Панфилов ауданы Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

20. Панфилов ауданы Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің өкілеттігі:

1) өз құзыреті шегінде "Панфилов ауданы Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің орындауына міндетті шешімдер, өкімдер және нұсқаулар шығарады;

2) Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіндегі сыйайлас жемқорлыққа қарсы шарапарды қабылдау үшін дербес жауапты болады;

3) өз құзыреті шегінде "Панфилов ауданы Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мұдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда және ұйымдарда білдіруге;

4) өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды

Панфилов ауданы Қоңырөлең ауылдық округінің әкімі болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. Панфилов ауданы Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын әкім басқарады.

#### **4. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

22. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (акшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңырөлең ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Панфилов ауданы әкімінің аппараты

мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мулікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мулікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Панфилов ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің "Қоңыролен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК